

Облыс әкімінің және облыстық мәслихаттың 1999 жылғы 2 шілдедегі "Қостанай қаласының шегін өзгерту жайында" бірлескен шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 7 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 472 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 6183 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы әкімінің және Қостанай облыстық мәслихатының 1999 жылғы 2 шілдедегі "Қостанай қаласының шегін өзгерту жайында" бірлескен шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 110 тіркелген, 1999 жылғы 8 қыркүйекте "Қостанай таңы" газетінде және 1999 жылғы 30 қыркүйекте " Костанайские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімі және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**

2. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі
Сессия төрайымы
Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы

А. Мұхамбетов
Г. Ахметова
С. Ещанов